



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

01.04.2026 нс № 03-04-10
Жаңаөзен қаласы

город Жаңаөзен

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін 2026 жылға
арналған мемлекеттік гранттардың басым
бағыттарының тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі №406 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларының 9 тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Үкіметтік емес ұйымдар үшін 2026 жылға арналған мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Тізбе Жаңаөзен қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылсын, сондай-ақ осы бұйрықтан туындайтын өзгеде шаралар қабылдансын.

3. Бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Бөлім басшысы

Д.К. Есенова

**Үкіметтік емес ұйымдарға берілетін мемлекеттік
гранттардың 2026 жылға арналған бағыттарының тізбесі**

№ р/ с	Заңның 5-бабының 1- тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы	Мемлекет тік гранттың бағыты	Мәселенің қысқаша сипаттамасы	Қаржы ландыр у көлемі (мың теңге)	Грант түрі және грантты іске асыру мерзімі	Грантты іске асыру аумағы (осы Қағидаларды н б- тармағына сәйкес)	Нысаналы индикатор және күтілетін нәтижелер	Материалды қ- техникалық базаға қойылатын талаптар (ұзақ мерзімді гранттарды іске асыру кезінде ғана белгіленеді)
1.	Отбасы- демограф иялық және гендерлік мәселелер ді шешуге жәрдемде су	"Отбасы мекені – ел болшағ ы" жобасын іске асыру арқылы ажырасу дың алдын алу және отбасыл ық құндылы қтарды нығайту	Жаңаөзенде элеуметтік- демографиялық процестер, жастар арасындағы ерте отбасылық өмірге жеткіліксіз дайындық және тұрмыстық қиындықтар отбасылар арасындағы қақтығыстарды н өсуіне әсер етеді. Бұл жағдай ажырасу көрсеткіштеріні	11 000 т. (11 млн тг)	1 қысқа мерзімді грант, 2026 год	Маңғыстау облысы	Нысаналы индикатор: 1. Жас отбасылар мен некеге тұрғысы келетін азаматтар арасында отбасылық құндылықтарды нығайту және тікелей қамтумен ажырасудың алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу - кемінде 20 000 адам (жас отбасылар, аға-аналар, жастар); 2. Ақпараттық қамту - кемінде 100 000 адам. 3. Жобаға қатысушыларының қанағаттану деңгейі-кемінде 75% (<i>сауалнама нәтижелері бойынша</i>). Күтілетін нәтижелер: 1. Қазіргі заманғы цифрлық технологияларды (LED – экран, лайтбокс, digital, ЖИ-құралдар) пайдалана отырып және республикада танымал агрессорларымен жұмыс жүргізуші психологтардың, медиаторлардың, имамдар мен қоғам қайраткерлерінің қатысуымен "Берік отбасы - тұрақты қоғамның негізі"	

	<p>ң өсуіне, балалардың психологиялық ал-ауқатына және жалпы әлеуметтік тұрақтылыққа теріс әсер етеді. Осыған байланысты отбасылық құндылықтарды нығайтуға, қала тұрғындары, әсіресе жас отбасылар мен некеге тұрғысы келетін жастар арасында өзара құрмет пен жауапкершілікті арттыруға бағытталған кешенді алдын алу шараларын ұйымдастыру өзекті болып отыр.</p>		<p>(TEDx форматында) тақырыбында жалпы кемінде 2000 адамның қатысуымен кемінде 4 кездесу өткізу;</p> <p>2. Психолог пен медиатордың қатысуымен «Отбасылық медиатор» атты тегін консультациялық алаңды және көшпелі консультацияларды ұйымдастыру, 2 ай бойы (аптасына 3 күн) қабылдау жүргізіп, құпиялылықты сақтай отырып, кемінде 100 отбасы мүшесіне жеке кеңес беру;</p> <p>3. Жаңаөзен қаласында «Ажырасудың алдын алу: отбасын сақтаудың жолдары» тақырыбында 1 кәсіби психолог пен 2 танымал республикалық спикердің қатысуымен кемінде 3 подкаст түсіру, оларды әлеуметтік желілерде (Instagram, Facebook, YouTube) бірлескен авторлықпен жариялау және кемінде 30 000 қаралым жинауды қамтамасыз ету (Тапсырыс берушінің келісімі бойынша);</p> <p>4. Жаңаөзен қаласында «Неке – бұл сезім бе, әлде жауапкершілік пе?» және «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа нәлдік төзімділік» тақырыптарында әлеуметтік эксперименттер өткізе отырып, кемінде 2 бейнеролик әзірлеу және оларды әлеуметтік желілерде (Instagram, Facebook, YouTube) жариялау, сондай-ақ кемінде 30 000 қаралым қамтуды қамтамасыз ету (Тапсырыс берушінің келісімі бойынша);</p> <p>5. Ата-аналарға арналған «Отбасындағы жауапкершілік пен үлгі» тақырыбында заманауи цифрлық технологияларды (LED-экран, лайтбокс, digital, ЖИ-құралдар) пайдалана отырып, кемінде 2 танымал республикалық спикерді тарта отырып, жалпы</p>
--	---	--	---

қамтуы кемінде 100 адам болатын кемінде 1 ашық пікірталас алаңын ұйымдастыру;
6. Ұлттық дәстүрлерді (Мысалы: қалжа, есік көрсету) насихаттауға бағытталған кемінде 3 мәдени-танымдық іс-шара және 1 отбасылық спорттық марафон өткізу, кемінде 1000 адамның қатысуын қамтамасыз ету және қатысушыларды медальдармен марапаттау;
7. Іс-шаралар туралы ақпаратты республикалық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде кеңінен тарату, жалпы ақпараттық қамту - кемінде 100 000 қаралым.